

ОӘК 376017

## АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ОБРАЗДЫҚ-МЕТАФОРАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Садуақас Шахинур Бақытбекқызы

[shah\\_nur\\_96@mail.ru](mailto:shah_nur_96@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты  
Ғылыми жетекші - С. Негимов

«Абай поэзиясы – қазақ халқының бүкіл адам баласы мәдениетіне қосқан үлесі» [1, 15]. Сондықтан да «Қазақтың шын мәніндегі көркем әдебиетінің негізін салушы ұлы ақынның тілін ғылыми түрде терең зерттеудің жалпы қазақ әдебиет тілінің даму жолдарын айқындауда маңызы зор, орны ерекше. Абай өлеңдерінің тілін зерттеп, ұлы ақын қазақ әдебиетінің тілін қалай дамытып, қалай ілгерілетті, жалпы тіл қорына не қосты, осылардың бетін ашу – қазіргі кездің туғызып отырған, толғағы әбден піскен мәселе. Әрине, бұл оңай жұмыс емес, көп зерттеу, көп талдауларды талап етеді» [2, 14]. Шынында, арада қаншама уақыт өтіп, қаншама ғалымдар ғұмырын Абайтану ғылымына сарп етсе де, Абай философиясы, Абай поэзиясының образдық-метафоралық жүйесі әлі де тереңінен зерттеуді қажет ететін әдебиеттану ғылымының өзекті мәселесінің бірі. Профессор Қ.Жұбанов айтқандай: «Абай ойшыл ақын. Өлеңін пікір кернеп тұр. Оның сезімі – ойшыл сезім. Бірақ оның ойы да сезімшіл ой. Сондықтан Абай өлеңінің мазмұны түрін көрсетіп тұрады да, түрі мазмұнын көрсетіп тұрады. Абайдың тілінің сөздігі (лексикасы), грамматикасы, Абай өлеңінің өлшеуі, ырғағы, ұйқасымы, Абай суретінің бейнесі – бәрі бірге қосылып та, жеке тұрып та негізгі тақырыптың күйіне билеп тұрады. Оның сөздері тек бермек ұғымын жеткізерлік амал болып, поэтикасы өлең қалыбына сиярлық қана болып қоймайды: бірі олай, бірі бұлай кетпейді, солардың әрқайсысы, үлкен симфония оркестріндегі жеке музыка аспаптары сияқты, өздері бір-бір күй тартып тұрады да, бәрі қосылып негізгі күйді шығарады. Тақырып соның бәріне дирижер болып тұрады» [1, 47]. Мәселен, Абайдың сөз өнері туралы айтқан ең басты өлеңі:

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы,

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы», [3, 15]-деген өлеңінде өлеңді сөздің

патшасына балай отырып, оны ердің ері, ақылдың кені даналар ғана «ішін алтын, сыртын күміс» ете алады дейді. Жалпы, Абайдың ақындық кредосы, поэзиялық және

философиялық тезисі осындай. «Форма үшін форма іздемеген» ұлы ақын поэзияға, ақынға осындай биік талабын қоя отырып, өзіне дейінгі халық поэзиясындағы бейнелі сөз айшықтарын жалаң, жұтаң күйінде ұсына салмай, кезі келгенін ала салмай, әуелі, өзінің жүрегінен өткеріп, ақылдың тезіне салды. Бұл хақында А.Байтұрсынов «өлең орны қайда екенін білгеннен кейін Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет-ықыласпен күтіп алып, төр түгіл тақтан орын бергендігін» жазады.

«Ақылмен ойлап білген сөз,

Бойыңа жұқпас сырғанар.

Ынталы жүрек сезген сөз,

Бар тамырды қуалар», [4, 21]-дей отырып, реалист-ақын, ағартушы-гуманист қазақ әдебиеті поэзиясын, қазақ әдеби тілін кемел көркемдік дәрежеге жеткізді.

Абай поэзиясы – тереңдік пен ойлылықтың поэзиясы, реалистік поэзия. Оның әр сөзі терең мағынаны танытып, көз алдыға еріксіз жанды сурет әкеледі, терең тылсым сырын ашады. Әрбір өлеңінде сөздің бейнелілігін, қуатын, мүмкіндігін сарқа пайдаланады. Абай поэзиясының бейнелілігі оның пейзаждық лирикасынан, айқын да ашық образ жасауынан, лирикалық қаһарманының бейнесінен ерекше көрінеді. Осы орайда Айқын Нұрқатов өзінің «Абайдың ақындық дәстүрі» атты монографиясында «Абай поэзиясындағы ең тұтас, ең жарқын, барынша толық образ – ақынның лирикалық қаһарманының бейнесі. Бұл образ өз бойына бүкіл дәуір сипатын, халық тағдырын, соның арманы мен талабын сыйғызған... Абайдың лирикалық қаһарманының образы – эстетикалық әсері мен өмір танытқыштық қасиеті мол, шын мәніндегі реалистік образ», - дей келе, Абайдың образ жасаудағы шеберлігі туралы мәселе арнайы зерттеуді қажет ететіндігін айтады [1, 308-309] Мәселен, «Дүтбайға» атты өлеңіндегі мына бір шумақты алып көрелік:

Мұңды, жылмаң пішінін

Кезек киіп, ел жиып.

Болыс болса, түсінің

Түксігін салар тырсыып

Мұнда лирикалық қаһарманның екіжүзділік әрекетін портреттік әрі психологиялық тұрғыда нақ сипаттаған. Абай кейіпкерінің пішінді қайта-қайта ауыстырып киетінін сипаттау арқылы, әділетсіздікке, зұлымдыққа еш қиналмай бара салатынын айтып отыр.

Сондай-ақ, «Ғабидоллаға» атты өлеңі:

«Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын,

Қайдан білсін өмірдің көбін-азын.

Бәйтеректі күндейді жетемін деп,

Жылы күнге мас болып, көрсе жазын

Күз келген соң тамырын үсік шалып,

Бетегеге жете алмай болар жазым» [4, 15]. Ақын жауқазынның ғұмырының қысқалығын, баянсыздығын суреттеу арқылы, Ғабидолланың мінезін көз алдыға нақ келтіреді. Жауқазын арқылы мал тапқанына мастанған, білгіш кісіміп, қалай болса солай шалқып, жөнсіз сөз таластыра берген лирикалық қаһарманның тұтас образын жасаған.

Ал «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» атты өлеңінде ақын кәрі шал мен жас қызды былайша суреттейді:

«Біреуі – көк балдырған, бірі – қурай,

Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз?» [4, 4]. «Көк балдырған, қурай» деген ауыстыру мәнінде қолданылған сөздер арқылы оқырманның көз алдына базардан қайтқан, қаусаған шал мен бойы жастық қуатқа, өмір нұрына толы балаусаның образы келеді. Кәрі мен жастың тең еместігін антитеза тәсілін қолдана отырып, бір-біріне қарама-қарсы қыс пен жаз образдары арқылы келтіреді. Сөйтіп, ары қарай «Кім де кім үлкен болса екі мүшел, Мал беріп алғанменен – қатын емес» дей келе, өлмелі шалдың жап-жас қызбен бас қосуы жаратылыс заңдарына, ар-ұятқа жат екендігін аңдатады.

Ал пейзаждық лирикасына келсек, «оның табиғат лирикасы адамды, оның жан дүниесін терең ашудағы ұлттық әдебиеттің бірінші жаңалығы болып табылады. Ол жылдың мезгілдерін жырлауда үлкен суреткерлікке жетті... Ондағы тіл байлығы, суреттеу құралдарының әр алуан түрлері, теңеулер мен метафора, күштеусіз, төгіліп, ұйқасып тұрған тармақтар, ішкі үйлесімдер қазақтың сөз өнерін әсемдік әлемінің биігіне көтереді» [5, 308-309]. Өйткені, ғасырлар бойы бар тіршілігі далада, табиғаттың қалың ортасында өткен көшпелі қазақ халқының дастан-жырларында бұл тақырып жол-жөнекей, атүсті ғана ауызға алынбаса, арнайы сөз болмайтын. Мысалы, жылдың төрт мезгілі туралы жырлаған өлеңдерінен өзге аудармаларының да бейнелілік қуаты зор, тіптен орасан. Бір ғана М.Ю.Лермонтовтан аударған «Теректің сыйы» атты өлеңі «шебер суретшінің қыл қаламынан туған полотнолар тәрізді әсер қалдырады».

Асау Терек долданып, буырқанып,  
Тауды бұзып жол салған, тасты жарып.  
Арыстанның жалындай бұйра толқын  
Айдақардай бүктеліп, жүз толғанып.  
Кәрі Каспий қара көк көзін ашты,  
Жылы жүзбен Терекке амандасты.  
Жыбыр қағып, қозғалып, сылқ-сылқ күліп,  
Қатынды алды, қитықсыз араласты [4, 25].

Жанды бояулар мен сиқырлы үндерге толы сырлы суреттер. Неткен шеберлік! Табиғат көрінісі емес бейнебір адам өмірі, адамдар арасындағы қарым-қатынас секілді әсер қалдырады. Бұлар «меруертпен жиектелген, алтынмен бунақталған» поэзия тілінің мейлінше құбыла құлпырып, гүлденіп, түрленгендігіне лайық көркемдік көрсеткіштер.

Түпнұсқамен салыстырғанда өзен мен теңіздің тілдесуі (диалог) түріндегі ерекшелік қана сақталған. Тіпті, аударма деуге келмес. Көркем қуатты сөздер, ұйқас, тармақ, әуезділік, әдемілік бәрі бір симфония секілді үйлесім тапқан. Хас шеберліктің шыңы деуге болады. Осылардың барлығы табиғат тақырыбынан қазақ поэзиясына Абай әкелген жаңалық нышандары болатын.

Әлем әдебиетіндегі адамзатқа ортақ ендігі бір мәңгілік тақырып жүректің тазалығына қатысты болса, Абай поэзиясындағы жүрек ұғымына қатысты ойларды арнайы зерттеу қажеттігі туындайды.

Мәселен:

1. *Жүрек – теңіз*, қызықтың бәрі – асыл тас,  
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.
2. *Ызалы жүрек*, долы қол,  
Улы сия, ащы тіл.
3. *Ауру жүрек* ақырын соғады жай,  
Шаршап қалған кеудемде тулай алмай.
4. *Жүректің ақыл – суаты*  
Махаббат қылса Тәңірі үшін.
5. *Асау жүрек* аяғын шалыс басқан,  
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма?
6. Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:  
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, *жылы жүрек*.
7. *Жүрегіңмен* тыңдамай,  
Құлағыңмен қармарсың.

*Жүрек* ұғымына қатысты айтылған образды сөздер Абай шығармаларында өте жиі ұшырасады. «*Жүрек – теңіз*» сияқты метафора да, «*ызалы жүрек*», «*ауру жүрек*», «*асау жүрек*», «*жылы жүрек*» сияқты эпитеттер де Абайға дейінгі әдеби нұсқалардың ешқайсысында жоқ. «*Жүрек – теңіз*», «*Жүректің ақыл-суаты*», «*Жүрегіңмен тыңдамай*» деген жолдарда жүрек өз мағынасында емес, ауыстыру мағынасында қолданылып, сөзге жаңа реңк, мән беріп тұр. Иә, кестесі бай, бояуы анық, сезім дүниесін сілкіндірер

поэзиялық сәулесі ересен көркем ауыстыру. Ал «*ызалы жүрек*», «*ауру жүрек*», «*асау жүрек*», «*жылы жүрек*» деген жолдарда *жүрек* деген сөз сол қалпында қайталанса да, алдындағы айқындауыш сөздер арқылы түрлі мағыналарға ие болып, образды сөзге айналған. Жалпы Абай өлеңдерінде *жүрек* сөзі 80 рет қайталанады екен.

Абай шығармашылығының көркемдік жүйесінде теңеулердің эстетикалық, танымдық мәні ерекше. Себебі, ақын жаратылыс құпиясы, табиғат сұлулығы мен әлемдік гармонияны, болмысты образды теңеулер арқылы бейнелеп жеткізуге, эмоциямен суреттеуге тырысады. Мәселен, қыз сипатына байланысты айтылған образды теңеу сөздерге зейін қояйық: *тал жібектей, гүл шыбықтай, білектей арқасында өрген бұрым, аласы аз қара көзі айнадайын, піскен алма секілді тәтті қыз, қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы, күлкісі бейне бұлбұл, ақ торғындай мойын, тақтайдай жауырын, тал шыбықтай нәзік бел, торғындай, т.б.*

Асылы, ақын мұндай теңеу сөздерді жайдан-жай қолдана салмаған. Шебер ақын бар нәрсеге жан бітіре сөйлеуге құштар. Не нәрсені суреттегенде де, соның ішінде қыз сипатын суреттегенде де ұлттық болмыстық сипат-белгілерін барынша мол пайдаланғандығын көреміз.

Абай поэзиясының образды-метафоралық жүйесі ауқымы кең, үлкен тақырып. Абай өлеңдерінде кездесетін көркемдеуіш құралдардың әрбірін жеке зерттеу нысаны етіп алуға болады. Немесе Абай поэзиясындағы *жүрек, көңіл, уайым, күлкі, айнымас ер, иман, талап, білім, ғылым, оқу, қулық, иттік, қорлық, мақтан, қызық, өнер, жаманшылық, достық, жақсы, жаман, қатын, дұшпан, өмір, өлім* сияқты белгілі бір ұғымдарға қатысты образды сөздерді философиялық, әдебиеттанушылық тұрғыда арнайы зерттеу қажет. Осы орайда Р.Сыздық «Абайдың сөз өрнегі» атты ғылыми-танымдық мақаласында Абай шығармашылығында категория ретінде қарастырылған *иман* сөзінің 59 рет қайталанатынын, сондай-ақ, *оқу* сөзі 54 рет, *ғылым* сөзі 111 рет, *білім* 31 рет, *өнер* 46 рет, *қызық* 72, *мақтан* сөзі 56 рет, *қайғы* сөзі 66 рет қайталанатынын жазады [6, 438-440].

Абай поэзиясының бейнелілігі, әсерлілігі, салмақтылығы – ақылдың сәулесіндей, халықтың сан ғасырлық тәжірибелері қорытындысындай көшбастар көсемнің даналық мәйегіндей мәнді, мәнерлі, өрнекті, аталы, ғибрат сөздермен де тікелей байланысты. Мысалы,

1. Еңбек етсең ерінбей,  
Тояды қарның тіленбей.
2. Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ.
3. Ер ісі – ақылға ермек, бойды жеңбек.
4. Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек.
5. Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң, арқалан.
6. Өзіңе сенбе, жас ойшыл,  
Тіл өнері дертпен тең.
7. Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден бөлек.

Абайдың бұл өнегелі сөздері адал жүрекке мықтап ұялайтын тағылымы, сабағы мол шамшырақ, тура жолға нұсқайтын темірқазық іспетті.

Абай поэзиясындағы эмоционалды, экспрессивті қуатқа ие образдар: сөз-символ, образ-эмблема, метафора-символ, эпитет, теңеу, т.б. көркем бейнелеу сөздері көркемдік-суреттілік, эстетикалық табиғатын танытады. Ақын шығармашылығындағы көркемдік компоненттерді жеке-жеке қарастырғанымызбен, барлығы бір-біріне бағынышты, байланысты кіндіктес, өзектес құбылыстар. Өйткені, Абай ұлттық тіліміздің суретшілік, бейнелілік қуатын сұңғылалықпен, парасатпен түйсініп, сөздің ішкі мүмкіндіктерін, қыртыс-қабаттарын мейлінше молынан аша алған. Қорыта айтқанда, Абайдың көркемдік әлемі – тым терең, тым биік, өзара гармониялық тұтастықта.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. Монография. Алматы, Жазушы, 1966. -348 бет.
2. Абайтану. Тандамалы еңбектер. ХҮ том. Қ.Жұмалиев. Абай поэзиясының тілі. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. -248 б.
3. Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер. - Алматы: Жазушы, 2005. - 336 б.
4. Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2. Өлеңдер мен аудармалар. - Алматы: Жазушы, 2003. - 296 б.
5. Қирабаев С. Шығармалары. Т.1. Әдеби зерттеулер, сын мақалалар. - Астана:Фолиант, 2013. -416 б.
6. Абай Құнанбайұлы (Жалпы ред. басқарған – У.Қ.Қалижанов). - Алматы, 2013. -500 б.